

Жер қойнауын пайдаланумен және мұнай операцияларын жүргізумен байланысты өндірістік процестерге қазақстандық кәсіпорындарды тарту мақсатында құқықтық жағдай жасау және заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 30 шілдедегі N 158-ө өкімі

Жер қойнауын пайдаланумен және мұнай операцияларын жүргізумен байланысты өндірістік процестерге қазақстандық кәсіпорындарды тарту мәселелері бойынша құқықтық жағдай жасау және заңнаманы жетілдіру мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|--|---|
| Тілеубердин
Алтай Абылайұлы
Басшысы, жетекші | - Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Кеңесінің |
| Школьник
Владимир Сергеевич
орынбасары | - Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық
ресурстар министрі, жетекшінің |
| Әшітов
Батыржан Зайырқанұлы
қорғау вице-министрі | - Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік |
| Асанов
Жақып Қажыманұлы
Әділет вице-министрі | - Қазақстан Республикасының |
| Ысқақов
Нұрлан Әбділдаұлы
вице-министрі | - Қазақстан Республикасының
Қоршаған ортаны қорғау |
| Тілеуберді
Мұхтар Бескенұлы
Сыртқы істер вице-министрі | - Қазақстан Республикасының |
| Қиынов
Ләззат Кетебайұлы
ресурстар вице-министрі | - Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық |
| Нәлібаев
Әбдіхалық Зәкірұлы
агенттігінің төрағасы | - Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі |
| Өтепов
Эдуард Карлұлы | - Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру |

комитеті төрағасының бірінші

орынбасары

Қарабалин
Ұзақбай Сүлейменұлы

- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының президенті (келісім

бойынша)

Марабаев
Жақып Несіпқалиұлы

- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының басқарушы директоры

(келісім бойынша)

Сафинов
Қанатбек Бейсенбекұлы

- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының басқарушы директоры

(келісім бойынша)

Андрющенко
Александр Иванович

- Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда вице-министрі

Иманбаев
Нұрлыбек Сейітжанұлы

- "Қазақстандық келісім-шарт агенттігі"
ЖАҚ-тың президенті (келісім бойынша)

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.19. N 178 өкімімен .

2. Жұмыс тобы ағымдағы жылғы 15 тамызға дейінгі мерзімде жер қойнауын пайдаланумен және мұнай операцияларын жүргізумен байланысты өндірістік процестердегі қазақстандық кәсіпорындардың үлесін ұлғайту мақсатында құқықтық жағдай жасау және заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлесін және Үкіметке енгізісін.

3. Жұмыс тобына белгіленген тәртіппен министрліктердің, агенттіктер мен ведомстволардың қажетті мамандарын, сондай-ақ, өзге де, соның ішінде шетелдік те консультанттарды тарту құқығы берілсін.

4. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының, ведомстволарының басшылары жұмыс тобының мүшелеріне барлық қажетті ақпараттың берілуін қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр